



Бекітемін

«Павлодар дарыны»

БУҚБДЮ МҚКК басшысы

Шаймұрат А.Б.

**7-10 сынып оқушыларына арналған «Жарқын болашақ»
республикалық олимпиаданың қалалық кезеңін
өткізу Ережесі**

1. Жалпы ережелер

1.1. 7-10 сынып оқушыларына арналған республикалық олимпиаданың қалалық кезеңінің олимпиадасын (бұдан әрі – Олимпиада) өткізу Ережесі олимпиаданың мақсатын, міндеттерін, өткізу мерзімін, тәртібін, анықтайды.

1.2. Олимпиаданың мақсаты: дарынды балалармен жұмыс жасау сапасын жетілдіру, оқушылардың зияткерлік дамуын ынталандыру.

1.3. Олимпиаданың негізгі міндеттері:

- жалпы білім беру және зияткерлік білімдерді игеру, өздігінен білім алу және ол білімді күнделікті өмірде қолдану дағдыларына бағытталған дарынды балаларға арналған бағдарламаларын жүзеге асыру;
- шығармашылық қабілеті бар терең білімді дарынды балаларды анықтау мен мадақтау;
- бала дарындылығын дамытудағы мұғалімдер тәжірибесін тарату.

2.Олимпиада басшылығы

2.1. Олимпиаданың жалпы басшылығын ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады.

2.2. Ұйымдастыру комитеті:

- әдістемелік комиссия мен қазылар алқасының құрамын және жұмыс тәртібін анықтайды;
- ұйымдастырушылық, ақпараттық және кеңес беру жұмысын қамтамасыз етеді;
- Олимпиаданың нәтижесін шығарады.

2.3. Әдістемелік комиссиялар:

- олимпиада тапсырмаларының материалдарын дайындайды;
- тапсырмаларды орындау критерилері мен бағалау әдістерін анықтайды.

2.4. Қазылар алқасы:

- оқушылардың олимпиадалық жұмыстарын бағалайды;
- хаттамаларды толтырады;
- жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды.

3. Олимпиада қатысушылары

3.1. Олимпиадаға Павлодар қаласының жалпы білім беру мекемелерінің 7-10 сынып оқушылары қатыса алады.

4. Олимпиаданың тәртібі мен өткізу шарттары

4.1. Олимпиада 5 номинация бойынша өтеді:

«Тілші –әдебиетшілер»- байқауының мақсаты- оқушыларды қазақ тілі мен әдебиетін тереңдетіп оқытумен белсендіру.

«Сөз шеберлері» оқушының әдеби сөзге деген қызығушылығын ояту, шығармашылық әлеуетін ашу, тыңдаушыға қазақ тілінің сұлулығын көрсету.

«Әнші-бұлбұлдар» - байқаудың мақсаты- қазақ халық әндері мен композиторлар шығармашылығын насихаттау, жас таланттарды анықтау және олардың жалпы жұрт алдында сөз сөйлеуі.

«Жас ғалымдар» байқаудың мақсаты – қазақ тілі мен әдебиетін насихаттау. Ұсынылған ғылыми жобаларда қазақ тілі мен әдебиетінің мәселелерін көрсету керек.

«Жазушылар» жас ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелеу, қаламға қалай ие болатынын білетін дарынды оқушыларды анықтау. Қазақ тіліне және шығармашылыққа деген қызығушылықты дамыту.

5. Қорытындысын шығару және марапаттау

5.1. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер Павлодар қаласы білім беру бөлімінің дипломдарымен марапатталады.